

**«Қаражон» шағын жинақталған жалпы орта мектебі бойынша сыбайлас  
жемқорлыққа қарсы күрес бағыты бойынша жүргізілген жұмыстар  
туралы мәліметі**

2022-2023 оқу жылы

**«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске» байланысты жүргізілген  
жұмыс түрлері**

Сауран ауданы Адами әлеуетті дамыту бөлімінің №08-01-17/94.10.09.2018 жылғы және облыстық білім басқармасының 2018 жылдың 08 маусымдағы № 315 бұйрығы негізінде ҚР «Білім туралы» Заңының 6-8-бабы 2-тармақшасына сәйкес ақша жинауға жол бермеу мақсатында «Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің ата-аналарынан ақшалай каражат жинауға тыйым салу туралы» бұйрығы және мектептің 31.08. 2018 жылғы №66 бұйрығы таныстыры-лып, арнайы бұрыш жасалды.

Мектептің I-кабатында құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу мақсатында оқушылар мен ата-аналарға арналған мектептегі теріс әрекеттер, ұрлау және күшпен ақша алу жағдайларын кездестіру кезінде оқушылар өз ескертулерін жасап, өтініштерін хат жа-зу арқылы білдіретін арнайы «сенім жәшігі» ілінген. Бұл жәшікке келіп түскен өтініштер мен хаттар апта соңында мектеп әкімшілігі қатысуымен ашылып, жұмыс жүрізіліп, қаралады. Сонымен қатар, сенім телефондары жазылып, кіре беріс есікке көрсетіліп ілінген.

Қыркүйек айында сыбайлас жемқорлыққа байланысты жұмыс жоспары жасалып, бекітілді. Мектеп басшысы С.Шукаманов педагогикалық ұжыммен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл» тақырыбында жиналыс өткізді. Мектепшілік атаулы мерекелер-де, оқу жылының соңында және ағымдағы жөндеу жұмыстарына байланысты, педагог қыз-меткерлердің біліктілік санатын көтеруде ақша жинамау мәселесінің алдын алу шаралары туралы айтылды.

2022 жылдың 15 қыркүйек күні «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес-барша-мызға ортақ іс» тақырыбында мектепшілік оқушылармен жиналыс өкізіліп, хаттамалары жазылды.

23 қыркүйек күні «Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықпен, бопсалауды болдырмаудың алдын алу» тақырыбы бойынша жаңа форматта ата-аналар кеңестерінің отырыстары өткізілді.

**Мақсаты:** Отбасындағы бала тәрбиесі туралы аналардың пікірін білу, талқыға салу. Әкелердің бала алдындағы жауапкершілігін арттыру.

5 қазан күні Сауран ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» инспекторы А. Әбдінәбиева, осы орталықтың әлеуметтік психологиялық сүйемелдеу секторының заңгері Д.Оразбаев, орталық психологы С.Алдаберген қалалық ішкі істер бөлімінің әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобының аға

инспекторы М. Досыбековалармен кездесу өткізіп, «**құқықбұзушылық пен сыбайлас жемқорлық-тың, бопсалау мен зорлық зомбылықтың алдын алуда**» жүргізіліп жатқан іс-шаралармен танысып, пікір алмасты. Жауабын таба алмай жүрген сұрақтарына ұтымды жауаптар алды.

Қазан «**Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз-қоғам мүддесіне деген опасыздыққа қарсымыз**» тақырыбында акция ұйымдастырылды. Акция аясында сурет салу, шығарма жазу, спорттық байқаулар өткізілді.

Қыркүйек пен желтоқсан айлары аралығында оқушылармен мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер «**Жемқорлықсыз болашақ**» тақырыбында жиналыстар өткізіліп, әлеуметтік педагог «**Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ**», қосымша білім беру педагогы «**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес -баршамызға ортақ іс**», ұйымдастырушы педагог «**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – бүгінгі күн талабы**», тәрбие ісі жөніндегі орынбасар «**Заңды білім заман талабы неме-се сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес**» туралы тақырыптарда баяндамалар оқып, жемқорлыққа арналған заңның орындалуын қадағалау туралы кеңінен түсініктер беріліп отырылды.

Сыныптар арасында 9 - сынып жетекшісі Н. Үсенова «**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес**», 10- сынып жетекшісі Ш. Темірханов «**Жемқорлықсыз қоғамға қадам**», 11- сынып жетекшісі К. Аяпов «**Біздің таңдауымыз – заңды мемлекет**» және өзін-өзі басқару ұйымының басшылығында «**Жемқорлық індет, жою міндет**» деген тақырыпта қатысуында дөңгелек үстел ұйымдастырылып өтілді.

«**Біз жемқорлыққа қарсымыз**» тақырыбында 2-5 сыныптар арасында сурет көр-месі ұйымдастырылып, 7- 9 сыныптар арасында «**Жемқорлықтың жолын кесу парыз**», «**Сыбайлас жемқорлықты болдырмау–басты парыз**», «**Сыбайлас жемқорлық- қоғам дерті**» деген тақырыптарда ой толғау (эссе) жазылды.

Оқушылардың апталық жиыны кезінде де мектеп тәлімгері Тайман Гулжазира «**Жемқорлыққа жол жоқ**», мектеп президенті Әлдин Диана «**Қоғам үшін қауіпті дерт**», 11-сынып оқушысы Әбілдахан Рамазан «**Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының түсінігі**» деген тақырыптарда баяндамалар оқыды.

Ата-аналардан сауалнама алынып, қорытындысы шығарылды. Нәтижесінде, сауал-намаға 57 ата-ана қатысып, ой бөлісті.

Мектеп оқушыларының арасында бопсалауды болдырмаудың алдын алу мақсатында сауалнама алынып, қорытындысы шығарылды. Сауалнамаға 95 оқушы қатысып, ойла-рын ортаға салды.

Күнделікті оқу процесінде жемқорлыққа жол бермеу мәселелері үнемі қадағаланып отыра-ды. Мектепте ата-аналардан ақша жинау туралы фактілерінің орын алуын болдырмау мақ-сатында мұғалімдермен, сынып жетекшілермен үнемі жиналыстар өткізіліп, түсінік жұмыстары жүргізіліп тұрады.

«Қаражон» шағын жинақталған жалпы орта мектебі бойынша 7- сынып оқушылары арасында өтілген тәрбие сағаты

**«Жемқорлықсыз қоғамға қадам»**

Өткізген сынып: 7

Өткізілген күні: 13.10.2022ж

Сынып жетекшісі: Арынова Лазат

**Сабақтың тақырыбы: «Жемқорлықсыз қоғамға қадам»**

**Тәрбие сағатының мақсаты:**

**Мақсаты:**

1. “Сыбайлас-жемқорлық” деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру.
2. Өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту.
3. Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу.

**Сабақтың барысы:**

**1. Ұйымдастыру кезеңі:**

-Сыбайлас-жемқорлық деген не?  
(оқушылардың пікірлері тыңдалады)

**Баяндамашы: Сыбайлас-жемқорлық деген не?**

“Сыбайлас-жемқорлық” деген “параға сатып алу”, “пара” ретінде, "corruptio" деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ "corruptio" түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда “сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу” деген түсінік берген де, құқыққа қарсы іс-әрекетті білдірген. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас-жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипаттайды.

ҚР “Сыбайлас-жемқорлықпен күрес туралы” Заңы сыбайлас-жемқорлыққа келесідей анықтама береді. Ол: “...мемлекеттік міндеттерді орындайтын адамдар, сондай-ақ соларға теңелген адамдар, өздерінің лауазымды құзыреттерін және онымен байланысты мүмкіншілікті немесе өз құзыреттерін басқаша пайдаланып мүліктік пайда алу үшін заңмен қарастырылмаған мүліктік жайлылықты және артықшылықты қабылдау, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалармен аталмыш жайлылықты және артықшылықты оларға заңсыз беруге осы адамдарды парамен сатып алу”.

2001 жылы Мексикада БҰҰ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясына қол қоюға арналған. Дүниежүзілік конференция ашылды

БҰҰ 2003 жылы 9 желтоқсан күнін халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күн деп жариялады.

**1 - оқушы**

Жамандыққа тосқауылды қояйық,  
Пара алғанның жолы жабық қой анық,  
«Қазақстан - 2050»- айқын жол,  
Күресейік, жемқорлықты жояйық.

**2- оқушы**

Әр ата - ана өнеге берсін балаға,  
Тәрбиесіз шоқ жұлдыздың жанама,  
Адалдыққа, даналыққа үйретсең,  
Жолдан таймас ар болған соң санада.

**3 - оқушы**

Пара алғандар темір тордан әрі асар,  
Алса да оны мойындамай санасар,  
Беделі кетіп, қайыры қашып ортадан,  
Мәнді өмірі енді қайтіп жарасар.

#### 4 - оқушы

Қазақ елі байтақ болсын десеңіз,  
Жемқорлықтың жолын бірге кесеміз,  
Сонда ғана жер гүлденер, ел байып,  
Сонда ғана шарықтаймыз, өсеміз.

#### 5 - оқушы

Егеменді өсер елде тұрам Мен,  
Білдіремін сезімді жыр - әнмен.  
Жолыменен Елбасының жүрейік,  
«Жемқорлыққа жол жоқ»- деген ұранмен.

**Топтық жұмыс:** «Егер мен болашақта Қазақстан Республикасының президенті болсам, сыбайлас жемқорлықпен қалай күресер едім?»  
(Әр топ постерге өз ой-пікірлерін жазып, қорғайды)

**Сахналық көрініс** (Әр топтан екі оқушы шығып, берілген мәтінге байланысты өз іс-әрекеттерін көрсетеді)

#### **Сыбайлас-жемқорлықты қалай жоюға болады?**

- 1.Пара бермеу және алмау.
- 2.Мақсаты нәтижелерге жету үшін,өз мүмкіншілігіңмен жетуге тырыс.
- 3.Парақорлықты көрсеңіз жергілікті органдарға және ақпарат көздеріне хабар беріңіздер.

#### **Адамгершілік, әділеттілік туралы мақал-мәтелдер .**

- 1.Адамгершілік болмай,  
Әділдік болмас.
- 2.Адамның ұяты бетінде,  
Адамгершілігі ниетінде.
- 3.Адамгершілікке арналған үш сауап бар:  
Шөлге құдық қазған бір сауап,  
Өзенге көпір салған бір сауап,  
Жолға ағаш еккен бір сауап.
- 4.Адалдық — ардың ісі.
- 5.Шындық жоқ жерде сұмдық көп.
- 6.Адамның әдемілігі шыншылдығында.
- 7.Ақиқат сөзде алалық жоқ.
- 8.Әділ айтқан жеңер.
- 9.Әділдікке жығылмайтын адам жоқ.
- 10.Әкімің әділ болмаса жұрт бұзылады,  
Саудан әділ болмаса нарық бұзылады.

#### **Мемлекеттік құрылымдардың қандай әрекеттері жемқорлыққа жатады?**

Басқа мемлекеттік органдар, мекемелердің жұмысына заңсыз жолмен араласу;  
Қызметтік лауазымды пайдалана отырып, жеке басының не туыстарының материалдық қызығушылықтарын қанағаттандыруға байланысты мәселелерді шешу;  
- Мемлекеттік қызметке заңда белгіленбеген басымдықтарға ие болып өту және өсу;

- Шешімді дайындау мен қабылдау барысында біреуге заңсыз жолмен басымдық беру;
- Кәсіпкерлік қызметті не басқа табыс әкелетін саланы жүзеге асыруда заңда белгіленбеген кез келген әрекетпен көмек көрсету;
- Мемлекеттік қызметті жүзеге асыру барысында алынған ресми жариялануға жатпайтын ақпаратты жеке мүддеге пайдалану;
- Заңда жариялауға рұқсат етілген деп бекітілген ақпаратты беруден бас тарту, оны кешіктіру, жалған не толық емес ақпарат беру, заңда жариялауға тиістігі бекітілмеген ақпаратты жеке және заңды тұлғалардан талап ету;
- Жоғары тұрған ресми тұлғаларға қызметтік емес ілтипат көрсету не сый жасау (әдепті және қонақжайлылық бойынша жалпы қабылданған нормаларға сәйкес символикалық ықылас көрсету, символикалық кәдесыйлар тарту, сонымен қатар, ресми және хаттамалық шараларды өткізуді қоспағанда);
- Жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңдық мүдделерін қанағаттандыруға тосқауыл болу;
- Мемлекеттік немесе осыған теңестірілген қызметі үшін жеке тұлғалар мен мекемелерден ақшалай, қызметтік және басқа формада сый алу.

#### **6. Сабакты қортындылау:**

Ел болып еңсемізді көтеріп, тәуелсіздігімізді алып, шаршы әлемге танылды, Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың көреген саясатының арқасында мемлекетіміздің тамыры тереңге тартып, нығая түсуіне бағытталған құқықтық заңнамалар қабылданып, ел экономиясы мен әлеуметтік жағдайы түзеліп, әлем мемлекеттерінің ортасынан өз орнын айқындады. Бүкіл әлемге өзінің біртұтастығыменен, ажырамас бірлігімен танылды. Қоғам дамуының жаңа жолын тандап, уақыттан туындаған әр түрлі кеселдерден айығуды міндет етіп қойды. Ол жол – Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастауымен алға қойылған сыбайлас жемқорлықпен күрес жолы.

Құрметті оқушылар әрқашанда адамдық жақсы қасиеттерді сақтап, мақсаты нәтижелерге жету үшін, өз мүмкіншіліктеріңмен жетуге тырысындар

«Қаражон» шағын жинақталған жалпы орта мектебі бойынша 9 - сынып оқушылары арасында өтілген

« Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес »  
Ашық тәрбие сағаты

Үсенова Н  
9- сыныбы  
22.11.2021 ж

**Мақсаты:**

1. “Сыбайлас-жемқорлық” деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру.
2. Өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту. Өз ойларын еркін жеткізе білу қабілеттерін дамыту
3. Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу. Патриоттық тәрбие қалыптасады

**Көрнекілігі:** слайдтар, плакат, кітаптар, видео

**Өткізудің формасы:** Тәрбие сағаты

**Өткізудің технологиясы мен әдістері:** Пікірталас, сұрақ-жауап, видеоролик

**Барысы:**

**1. Ұйымдастыру**

Көрме ұйымдастыру:

«Жемқорлық – ғасыр дерті» атты бүктеме

Оқушылардың салған қабырға газеттері мен салған суреттері

**2. Кіріспе сөз**

Сыбайлас жемқорлық туралы түсінік беру.

**3. Тәрбие сағаты:**

Видео

Викторина

Слайдпен жемқорлыққа байланысты мысалдар келтіру:

Оқушыларға тапсырма

**1-жүргізуші:** Сәлеметсіздер ме құрметті ұстаздар мен оқушылар. Бүгінгі біздің «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» атты ашық тәрбие сағатымызды бастауға рұқсат етіңіздер!!! (Слайд №1)

**2-жүргізуші:** Бүгінгі біздің ашық тәрбие сағатымыздың мақсаты оқушыларды адал жолмен жүруге, адалдыққа үйрету. Сыбайлас жемқорлық туралы қысқаша мағұлматтар беру. Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу.

(Слайд №2)

**1-жүргізуші:** Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық.

**2-жүргізуші:** Сыбайлас жемқорлық - бұл ғаламдық мәселе, одан әлемнің бірде-бір мемлекеті, бірде-бір саяси жүйе, бірде-бір саяси тәртіп қорғалған емес. Сондықтан, бұл індетке бірлесе қарсы тұруымыз керек. Н.Ә.Назарбаев.

(Слайд №3)

**1-жүргізуші:** «Сыбайлас жемқорлық» деген не? (Слайд №4)

“Сыбайлас-жемқорлық” деген түсінік мағынасына этимологиялық қарау мұны “параға сатып алу”, “пара” ретінде, "согиптіо" деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ "согиптіге" түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда “сынды-ру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу” деген түсінік берген де, құқық-қа қарсы іс-әрекетті білдірген. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас-жемқорлықты па-ра беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде си-паттайды.

**2- жүргізуші.** Келесі кезекте бейнероликке берсек

(Слайд №5,6)

Осы бейне роликті көрген кезде қандай сезімде болдыңдар?

Роликтегі адамдардың әрекеті дұрыс па?

//видеоролик туралы пікірталас өрбіту.

**2-жүргізуші:** ҚР “Сыбайлас-жемқорлықпен күрес туралы” Заңы сыбайлас-жемқорлыққа келесідей анықтама береді. Ол: “... мемлекеттік міндеттерді орындайтын адамдар, сондай-ақ соларға теңелген адамдар, тікелей өзі немесе делдал арқылы өздерінің лауазымды құзыреттерін және онымен байланысты мүмкіншілікті немесе өз құзыреттерін басқаша пайдаланып мүліктік пайда алу үшін заңмен қарастырылмаған мүліктік жайлылықты және артықшылықты қабылдау, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалармен аталмыш жайлылықты және артықшылықты оларға заңсыз беруге осы адамдарды парамен сатып алу”. (Слайд №7)

**1-жүргізуші:**

Сыбайлас жемқорлықтың зардаптары:

- қоғамның бақытты болашағын тежейді;
- елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіреді;
- жұртшылықтың заң мен әділдікке, билікке деген сеніміне сызат түсіреді.

(Слайд №8)

**2-жүргізуші:** СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЗАҢДАР: (Слайд №9, 10)

1. ҚР 37 мемлекет қабылдаған конвенцияға қосыла отырып, 1998 жылы 2 шілдеде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заң қабылдады. Қазақстанда сондай-ақ сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық, тәртіптік, әкімшілік жауапкершілікті реттейтін арнайы нормативтік –құқықтық актілерде қабылданды. Оларға «Мемлекет қызмет туралы» (1995) және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (1998) ҚР заңдары жатады.

- ҚР Қылмыстық кодексінің өкілеттіктерді теріс пайдалану
- Коммерциялық сатып алу
- Қызмет өкілеттілігін теріс пайдалану
- Билікті немесе қызметтік өкілеттілікті асыра пайдалану
- Пара алу
- Қылмыстық жалғандық жасау

2001 жылы Мексикада БҰҰ - ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясына қол қоюға арналған. Дүниежүзілік конференция ашылды БҰҰ. 2003 ж 9 желтоқсан күнін халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күн деп жариялады.

**// ВИКТОРИНА (Слайд №11-21)**

1. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заң қашан қабылданды?

2.07.1998 жыл

2. “Сыбайлас-жемқорлық” деген не?

(“Сыбайлас - жемқорлық” деген “параға сатып алу”, “пара” ретінде, "согиптіо" деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді.)

3. ҚҰҚЫҚ деген не ?

(мемлекет орнатқан және оның күшімен қорғалатын, жалпыға бірдей қоғамдық қатынастарды реттейтін тәртіп ережелерінің (нормалардың) жиынтығы.)

4. Заң деген не?  
(мемлекеттің ең жоғарғы басқарушы органының шығарған, қабылдаған ең жоғары күші бар нормативтік кесім. Барлық заңдар және заңға тәуелді нормативтік кесімдердің Конституцияға сәйкес болуын Заңның үстемдігі дейді.)
5. Қылмыстық Кодекстің 366-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген адамға бұрын жасаған заңды әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін сомасы немесе құны неше айлық есептік көрсеткіштен аспайтын болса қылмыстық жауапкершілікке жатпайды?  
(2 айлықесеп)
6. Пара беру дегеніміз не?  
(қандай да бір коммерциялық келісімге келу үшін немесе жеке пайдасы үшін жасалған ынталандыру немесе марапаттау.)
7. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарды жасағаны үшін қандай жауапкершілік көзделген?  
(Сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасағаны үшін жазаның түрі мен мөлшері жасалған қылмыстық әрекеттің қауіптілік деңгейі мен келтірілген залалына байланысты болады. Мәселен, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі)
8. Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күн қашан жарияланды?  
(2003 ж 9 желтоқсан)
9. “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы” заң қашан қабылданды?  
(18.11.2015 жыл)
10. БҰҰ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Конвенциясы қашан қабылданды?  
(31.10.2003ж.)

**2- жүргізуші.** Слайдпен жемқорлыққа байланысты мысалдар келтіру:

(Слайд №23)

1. Мұғалімге мерекелерде гүл шоқтарын сыйлау жемқорлыққа жатады ма?
2. Емделіп болған науқас дәрігерге өзінің алғысын белгілі - бір сыйлықты ( гүл, сағат, портрет.....) сыйласа жемқорлыққа жатады ма?
3. Жоғарғы оқу орындарында білім алушылар, емтихан уақытында оқытушыларына үстел жасаса, бағалы сыйлық әперсе, жемқорлыққа жатады ма?
4. Қала ішіндегі автобустардың кейбіреулері тендер ұтып алады да, қала ішінде жолаушыларды тасымалдау барысында көптеген қателіктер жасап жатады. Мысалға автобуска адамдарды санынан артық отырғызу, аялдамасы жоқ жерлерде тоқтап, адамдарды үсті-үстіне алу жемқорлыққа жата ма?  
(шофер, басқарушы директор, инженер арасындағы сыбайластық жемқорлықты көрсету)  
«Шелектің бетін жалағандар тұтылады, түбін жалаған тұтылады» деген мақалдың осыған қатысты екенін дәлелдеу.
5. Нашакорлық дамып бара жатыр, себебі шетелдерден әкеледі, кейбір кедендер өз жұмыстарын жауапты орындамай, заң бұзушылыққа барады. Бұл жемқорлыққа жата ма?

**Тренинг (Слайд №24)**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі барлық алынған білімдері бойынша, әр топқа жеке тапсырма беріледі, тапсырманы сахналау керек.

- 1 жағдай: Колледж оқытушысы емтиханда сізді үшінші рет құлатты. Өзінің барлық келбетімен, пара беруіңізді сұрайды. Сіздің әрекетіңіз.
- 2 жағдай: Сізге, қызмет жетекшісіне, заңнамаға сәйкес емес арнайы қызмет үшін ақшалай көмек ұсынады. Сіздің әрекетіңіз.
- 3 жағдай: Ыстық жақта демалу үшін, сізге жедел түрінде шетелдік құжат қажет. Брақ оны бір айдан кейін алаласыз. Сіздің әрекетіңіз.

## **Литмонтаж**

### **1-оқушы**

1989 жылы әлемнің дамыған 37 мемлекеті халықаралық бизнестегі жемқорлыққа қарсы күресу туралы конвенцияға қол қойды.

### **2-оқушы**

Қазақстан осы конвенцияға қосыла отырып 1998 жылы 2 шілдеде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» туралы заң қабылдады.

### **3-оқушы**

Жемқорлық латынша сатып алу. Мемлекеттік басқару құрылымындағы лауазымды қызметкерлердің өздеріне тапсырылған қызмет мүмкіндіктерінің жеке бастарының пайдасы мен мүдессі үшін пайдалану мақсатында жасаған қоғамға қауіпті қылмыстық іс-әрекеттері.

### **4-оқушы**

Жамандыққа тосқауылды қояйық, Пара алғанның жолы жабыққой анық, «Қазақстан-2050»-айқын жол, Күресейік, жемқорлықты жояйық.

### **5-оқушы**

Әрата-анаөнегеберсін балаға,  
Тәрбиесіз шок жұлдыздың жанама,  
Адалдыққа, даналыққа үйретсең,  
Жолдан таймас ар болған соң санада.

### **6-оқушы**

Пара алғандар темір тордан әрі асар,  
Алса да оны мойындамай санасар,  
Беделі кетіп, қайыры қашып ортадан,  
Мәнді өмірі енді қайтіп жарасар.

### **7-оқушы**

Қазақ елі байтақ болсын десеңіз,  
Жемқорлықтың жолын бірге кесеміз,  
Сонда ғана жер гүлденер, ел байып,  
Сонда ғана шарықтаймыз, өсеміз.

### **8-оқушы**

Егеменді өсер елде тұрам Мен,  
Білдіремін сезімді жыр-әнмен.  
Жолыменен Елбасының жүрейік,  
«Жемқорлыққа жол жоқ»-деген ұранмен.

### **Сабақты қортындылау:**

Ел болып еңсемізді көтеріп, тәуелсіздігімізді алып, шаршы әлемге танылды, Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың көреген саясатының арқасында мемлекетіміздің тамыры тереңге тартып, нығая түсуіне бағытталған құқықтық заңнамалар қабылданып, ел экономиясы мен әлеуметтік жағдайы түзеліп, әлем мемлекеттерінің ортасынан өз орнын айқындады. Бүкіл әлемге өзінің біртұтастығыменен, ажырамас бірлігімен танылды. Қоғам дамуының жаңа жолын тандап, уақыттан туындаған әр түрлі кеселдерден айығуды міндет етіп қойды. Ол жол – Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастауымен алға қойылған сыбайлас жемқорлықпен күрес жолы.

Құрметті оқушылар әрқашанда адамдық жақсы қасиеттерді сақтап, мақсаты нәтижелерге жету үшін, өз мүмкіншіліктеріңмен жетуге тырысындар .